Автор: Сейсенбаева Лаззат Айтбаевна Айтбаевна
Пән: Жаратылыстану
Сынып: 2-сынып
Бөлім: Жер және Ғарыш: Ғарыш
Тақырып: Ай-Жердің табиғи серігі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	2.4.1.2.Жердің табиғи серігін анықтау. 2.1.2.2.Бақылаудың басты белгілерін анықтау (мақсат,нысан,жоспар,мерзім,нәтиже)
Сабақтың мақсаты:	барлық оқушылар: Ай-Жердің жалғыз серігі екенін біледі Көптеген оқушылар: Берілген тапсырмаларды орындай алады Кейбір оқушылар: Айдың Жерді қозғала айналатындығын зерттей алады
Тілдік мақсаттар:	Жаңа терминдермен танысады және олардың үш тілде айтылуын біледі. Ай-Луна- moon Жер-Земля –land Серік-партнер- partner
Күтілетін нәтиже:	Ай-Жердің жалғыз серігі екенін біледі. Айдың Жерді қозғала айналатындығын зерттей алады және берілген тапсырмаларды орындайды.
Бағалау критерийлері:	Ай - Жердің табиғи серігі екенін біледі; Айдың Жерді қозғала айналатындығын зерттейді
Құндылықтарды дарыту:	Ғарыш туралы білуге, зерттеуге деген құлшыныстары артады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Білімланд сайты, imektep, интерьактивті тақта,слайдтар
Пәнаралық байланыс:	Сабақ дүниетану,еңбек пәнімен байланысты
Бастапқы білім:	Жер мен күн туралы білім алды.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (Басталуы 3 минут)	Қызығушылықты ояту . Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық ахуал орнату. «Күлкі сыйладым» Білім алушылар күлкі бейнесіндегі смайликті бір-біріне табыстау арқылы күлкі сыйлап, сәттілік тілейді. Топқа бөлу, Оқушылар Ай,Жер,Күн,Ғарыш суреттерін таңдау арқылы топқа бөлінеді.	Суреттер мен смайликтер

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (30 минут)	Ой қозғау. Өткен сабақты бекіту үшін "Күн шуақтары" әдісі арқылы сұрақтарға жауап алу. Жерге жақын ғаламшар? (Күн) Күннің түсі қандай? (сарғыш,жұлдыз) Ол қандай шар? (Ол қызған үлкен шар) Күн жерге не береді? (жылу,жарық) Жер нені айнала қозғалады? (Күнді) Кері байланыс."Бас бармақ" Мына суреттерден не байқап отырсыңдар? Кімдер? (жолсерік) -Серік деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер? -Ал мына суретерде не бейнеленген? (Жер мен ай) - Жер мен айды қалай ажыраып отырсыңдар? (Жерде, материктер орналасқан) -Қайсысы үлкен, салыстырып көріңдер? Ай мен Жерді неге бірге көрсетіп отырмын? *Ай-жердің серігі, қалай,неге? Ол сұрақтардың барысын бүгін білетін боламыз. Мағынаны тану. Күннің жады. Жаңа сабақ. «Ай –Жердің табиғи серігі. Ай туралы мәлімет алу. Кітаппен жұмыс. Миға шабуыл. Топтық жұмыстар. 1-топ: «Суретті әңгіме» Сызбадағы Жер мен Айды анықтап,атауларын жазады және бояйды. Бағалау критерийлері: Сызбадағы Жер мен Айды анықтайды. Атауларын жазады. Суретті бояйды. Айды сипаттап жазады. 2-топ: «Дұрыс-бұрыс» Берілген тұжырымдар дұрыс болса, жасыл белгісін,дұрыс емес болса. қызыл белгісін сәйкес дөңгелекшелерге қой. Бағалау критерийлері: Оқушылар тақырып бойынша сұрақтарға жауап бере алады. Дұрыс тұжырым тұсына жасыл белгісін қоя алады. Дұрыс емес тұжырым тұсына қызыл белгісін қоя алады. 3-топ «ЗЕРТТЕ!» Ермексазбен жұмыс. Ай мен жердің үлгісін жасау Бағалау критерийлері: Ермексаздан ай мен жердің моделын жасайды; Жер моделын дұрыс орналастырады; Ай моделын қарама-қарсы ұшына бекітеді; 4-топ: «Сөзден сөйлем» Айға қатысты мақалдар құрастыру. Жыл деген ат басын бұрғанша, Ай деген аунап тұрғанша. Ай толық болса, айдыны әлемге кетер. Ай қораланса Арбаңды сайла, Күн қораланса, Күрегіңді сайла. Ескі ай есірке,жаңа ай жарылқа Ай мен күн әлемге бірдей. Бағалау критерийлері: Мақалдарды ретімен құрасыра алады. Әр топ өз жұмысын басқа топ алдында қорғайды. Топтық бағалаулар жүреді." Бас бармақ" Сергіту сәті. " Сөйлемді толықтыр"	Интерактивті тақта,слайд 5e2be085431cd.png Image not found or type unknown 5e2be0725f876.png Image not found or type unknown bilimland.kz https://imektep.kz/kz

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (4 минут)	Сабақты қорыту.Топтарға тапсырма беріледі. 1-топ "Дұрыс, дұрыс емес" 2-топ"Артығын алып тастау" 3,4-топ" Тест"	bilimland.kz https://imektep.kz/kz/game#recycle_bin-1199 https://imektep.kz/kz/game#true_false-1334 imektephttps://imektep.kz/kz/game#quiz-1198
Рефлексия (3 минут)	Кері байланыс "Ай сыры" Оқушылар бүгінгі сабақ туралы алған білімдерін стикерге жазып кері байланыс береді. Толық ай: Керемет! Жарты ай: Жаман емес! Қиық ай: Болмады!	стикерлер